



Oyыл

Газет
1930 жылдың
қараша айынан
бастап шығады

uil-gazet@mail.ru

№16 (7753), 16 сәуір, сейсенбі, 2019 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Конференция

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫҢ ЖАРШЫСЫ

КЕШЕ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ХХХІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ. КОНФЕРЕНЦИЯҒА САЯСИ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, ДЕПУТАТТАР, БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ ЖЕТЕКШІЛЕРІ ЖӘНЕ «ЖАС ОТАН» ЖҚ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Конференцияны «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының төрағасы Дастан Сағыров жүргізді.

Күн тәртібінде Партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партияның кезекті ХVIII Съезінде берген тапсырмаларын – «Халыққа көмек», «Ауыл – ел бесігі», «Бақытты отбасы», «Құтты мекен» ұлттық жобаларын іске асыру барысы және «Nur Otan» партиясы Ақтөбе аймақтық филиалының конференциясына делегаттар сайлау туралы мәселелер қозғалды. Бірінші мәселе бойынша «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин баяндама жасады. Тоқтала кетсек, ол «Халықтың өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған «Халыққа көмек» партиялық жобасының жұмысы басталды. Бұл жоба халықтың басындағы және қоғам-

дағы өзекті мәселелерге қатысты жедел әрекет ету. Жаңа бастаманы партия мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және бизнес қауымдастықпен бірлесіп іске асырмақ. Жоба негізінде партияның еліміздегі барлық қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысы жаңғырып, олар бірыңғай әлеуметтік терезе жүйесінде қызмет көрсете бастады. Жоба аясында қоғамдағы өзекті мәселелерді жедел әрі тиімді шешу үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге жарияланған жазбаларға талдау жасалып, алдын алу мониторингі жүргізіледі», - деп кеңірек мәлімет берді. Сонымен бірге азаматтардың өтініштерін жеке қабылдау, сайт, электронды пошта, Call Center сияқты дәстүрлі жолдардан бөлек, халықпен байланыс әлеуметтік желілердегі парақшалар, WhatsApp мессенджері, тиімді кері



байланыс құралы ретінде танылып үлгерген өкімдіктердің цифрлы қызметі (iKomek, Open, Almaty) электронды Үкімет порталы арқылы жүргізілетіндігін ашық жеткізді. Міне осы акция басталғаннан осы күнге дейін «Бірыңғай әлеуметтік терезеге» 43 адам қабылдауға келген. Еркін Жұмағазыұлы «Nur Otan» партиясының біздің ауданда атқарылып жатқан игілікті істеріне тоқтала отырып, барша конференция қатысушыларын алдағы уақытта «жұмылып

жұдырық, бірігіп білек болып» ел үшін абыройлы, қалтқысыз қызмет жасауға шақырды. Екінші мәселе бойынша «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы Саяси кеңес мүшесі Берік Бисекенов «Nur Otan» партиясы Ақтөбе аймақтық филиалының конференциясына жоғарыда аталған партия мүшелерінен құралған 7 адамның тізімін делегаттыққа ұсынды. Конференция соңында «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сектор меңгерушісі Сәндібек Дәулетқалиев жоғарыда қозғалған мәселелер бойынша яғни, Партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партияның кезекті ХVIII Съезінде берген тапсырмаларын – «Халыққа көмек», «Ауыл – ел бесігі», «Бақытты отбасы», «Құтты мекен» ұлттық жобаларын іске асыру барысы туралы, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин баяндамасы назарға алынуын, «Халыққа көмек», «Ауыл – ел бесігі», «Бақытты отбасы», «Құтты мекен» ұлттық жобаларын іске асыруда партия филиалының Саяси кеңесінің, бастауыш партия ұйымдарының, аудандық мәслихаттағы өкілді орган-депутаттық фракция және партиялық бақылау комиссиясының жұмысы белсендірілуі туралы қаулы жобасымен таныстырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН КӨЗДЕЙДІ

Қазақ қызына қалай қараған? Ата-бабаларымыз қыздарын көздің қарашағындай қорғап — үй ұстауға, ел бірлігін, ошақ бүтіндігін сақтауға баулыған. Басқасын білмейміз, бірақ қазақтың табиғатында қыз намысы деген ұғымның орны бөлек.

Бабаларымыз қыз бала отырған жерде бейпіл сөз айтпайтын, андап сөйлейтін. Ал аналарымыз қыздың намысын сақтап, оның адалдықпен жаңа босаға аттауын өте қатты қадағалаған. Болашақ отбасының тұрақтылығы да қыз арының тазалығымен байланысты саналған. Міне, солай! Қазаққа қыздың барған жерінен қайтып келуі жай ғана ұят емес, маскара деп есептелген. Осы себепті де ата-ана қыздарын ұзатарда, барған жеріне «тастай батып, судай сің!» - деп бата берген. Мұның бері дәстүр.

Елімізде отағасымен арадағы сыйластығын сақтап, туысқандары мен отбасының мықты тірегі, ескі мен жаңаны байланыстыру міндетін өз бойына тоғыстырып, ұлдарын — ұяға, қыздарын қияға қондырып отырған көпке үлгі аналар аз емес. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы айтқанда басқа нәзік жанды қауымға үлгі болатын осындай аналарымызды назардан қалыс қалдырмауымыз керек.

Жалпы қазақ әйеліне тән мінез қандай? Қазақ әйелі әуелден жолдасының абыройлы болуына септескен, балаларының тәрбиесі мен болашақтарына жол сілтей білген. Мұның себебі бар. Егер ер-азамат отбасында сыйлы болса, тиісінше баласы да содан үлгі алады. Қай жерде еркек сыйлы болса, сол жердің отбасы түгел, баласы аман, қызы тәрбиелі, дұрыс отбасы қалыптасады. Біле білсеңіз, қазақ халқының қалыптасуында осы дәстүрлер ұлттық идеологияның негізі болып табылады.

Отбасы, әсіресе гендерлік саясат туралы айтқанда ілгеріде сөз еткен мәселелерді қалыс қалдыра алмаймыз. «Атың жаман болса, сыйып құтыларсың, қатының жаман болса, қайтып құтыларсың» деген



сөзді қазақ бекер айтпаған. Ұлт пен ұрпақтың тағдыры әйелдермен байланысты екенін өмірді тәжірибесінен алып айтқан. Алыс-жақын ағайынның арасын біріктіріп, ел намысын қорғап, балаларын соған бағыттап, ерімен тіл тауып одақтасқан әйел ешқашан жаман болмайды. Бұл дәстүр мәңгілік. Ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, ешқашан құндылығынан айырылмайтын бұл бұлақ.

Анығы, ата-бабамыздан бері жалғасып келе жатқан бұл дәстүр ескірген жоқ, ескірмейді де. Ілгеріде айтып бұл қазақтың көне заманнан бері қалыптасқан идеологиясы. Оны тек жаңғыртуымыз, жаңартуымыз қажет. Иә, заман өзгереді, заң тозады. Қазіргі өмірдің ағысы ер-азаматтар мен әйелдерді теңестірді. Әйелдердің оқып-табуына, қоғамдық жұмыстарға араласуына жол ашты. Бері де дұрыс. Қоғамнан өз орнын тапқан, үйде де, түзде де сыйлы апа-сіңіліміз, құдайға шүкір, көп. Біз мұнымен мақтанамыз. Бірақ осыны пайдаланып, үйді ойламай, түзді ойлаумен жүріп, ошақ иесі рөлін әлсіретіп алған әйелдер де баршылық. Демек, барлық жерде тепе-теңділік керек. Теңдік бұзылды

екен, тұрақтылық болмайды. Бұл ұрпаққа, тиісінше тұтас ұлттың өсіп-өнуіне кедергі келтіруі мүмкін. Жалпы біздің дәстүрімізге жат дүниелер өте көп. Төнін саудалау, қоқыстағы тастың бала, өкешешесінің сөзі тыңдамау... Мұның бәрі біздің бүгінгі өмірімізде көрініс беріп отырғаны жасырын емес. Сол себепті, біздер отбасы құндылығын насихаттау жұмыстарын. Оның үстіне әйелдердің мойнында отбасы бірлігін ұйымдастыру, бала тәрбиесі сияқты жауапты міндеттер тұр. Бұл біржағынан ұрпақтың болашағын ойлау деген сөз. Гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі. Бұл арада айналып аттап кете алмайтын бір мәселе бар. Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы айтқанда оны ұлттық дәстүрімізден бөле-жара қарастырмауымыз қажет екенін ұмытпауымыз керек.

Г.ТАНКИБЕВА,
Ойыл аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі.

КӨЛІК ПРОКУРОРЛАРЫ ЕСІРТКІ САТУ САЙТТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТТЫ

Ақтөбе көлік прокуратурасы есірткі заттарын сату мен пайдалануды насихаттайтын әлеуметтік желілердегі парақшаларға қолжетімділікті шектеді.

Осындай талаптармен Ақтөбе қалалық сотына қадағалау органы есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, олардың аналогтарын мен прекурсорларын сатуды жүзеге асырылған интернет-сайтарға мониторинг нәтижелері бойынша жүгінді.

Сайттар пайдаланушылар үшін қолжетімді болған және Қазақстан Республикасының барлық аумағында әрекет еткен. Сот шешімімен прокуратура талабы қанағаттандырылды, барлық 14 сайттың қызметі заңсыз деп танылды.

Бас көлік
прокуратурасы

ТРАНСПОРТНЫЕ ПРОКУРОРЫ ЗАБЛОКИРОВАЛИ САЙТЫ ПО ПРОДАЖЕ НАРКОТИКОВ

Актюбинской транспортной прокуратурой заблокирован доступ к страницам в социальных сетях, пропагандирующим торговлю и употребление наркотиков.

Такими требованиями обратилось надзорное ведомство в Актюбинский городской суд по результатам мониторинга интернет-сайтов, посредством которых осуществлялась продажа наркотических средств и психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров.

Доступ к ним для пользователей был свободным и действовал по всей территории Республики Казахстан. Решением суда иск прокуратуры был удовлетворен, деятельность всех 14 сайтов признана незаконной.

Главная транспортная
прокуратура

Сауна 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы
Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2019 жылдың 9 маусымына тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.
4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.
5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.Тоқаев**
Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 9 сәуір **№18**

«ОЙЫЛ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ» -

«ҮЗДІК АКТЕРЛЫҚ АНСАМБЛІ»

ТЕАТР- ЕЖЕЛДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨНЕР ОРДАСЫ. РУХАНИ КЕМЕЛДІК ПЕН МӘДЕНИ ӨСУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН БІРДЕН-БІР ОРЫН. ӨНЕНГЕ КӨЗІ, ТӘРБИЕ ОШАҒЫ. ҚАЗАҚ САХНАНЫ КИЕЛІ САНАЙДЫ. ӨЙТКЕНІ, ӨРЕСІ БИІК КӨРЕРМЕНГЕ ОЙ САЛАР ЖЕР ОСЫ.



Туңғыш Президентіміздің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында театр ұжымдарының деңгейін арттыру, қатарын көбейту, қазіргі талапқа сай жетілдіру мақсатында өткен аптаның сенбі күні облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрында «Театр өнерінің көші» атты дәстүрлі облыстық театрлар фестивалі өтті. Фестивальға жалпы саны облыс бойынша 11 театр ұжымы қатынасып, 9 номинация бойынша жүлделі орындар еншіледі. Соның ішінде «Ойыл халықтық театры»

ауданымыздан шыққан даңқты тұлғаларды дәріптеу, жас ұрпақ жадында қайта жаңғырту мақсатында жерлесіміз Н.Қалауов-тың «Ботагөз батыр» атты пьесасын сахналады. Бұл пьесада Ботагөз батырдың ерлік, батырлық істері кеңінен дәріптелді. Сонымен қатар ел ішіндегі мәселелерге оңтайлы шешім тауып, ақылдылығымен де ерекшеленіп отырғандығы айқын бейнеленді. Нәтижесінде жерлестеріміз яғни, театр өнерінің көшін бастап жүрген «Ойыл халық театры» «Үздік актерлық ансамблі» номинациясын қанжығасына байлады.

Салтанат КЕҢЕСАРЫ,
Ойыл селосы.

ТОЛҒАНАЙДЫҢ ТҰҒЫРЫ

Ақшатау шағын ауыл болғанымен аудан спортының дамуына айрықша атсалысып келеді. Оның ішінде күрестің бірнеше түрінен облыстық, республикалық, халықаралық додаларда топ жарып, тұғырдан көрініп жүрген талай-талай палуандардың томағасын сыпырды. Бұл жолда тынымсыз тер төгіп, балаларды жоғары дәрежеде дайындап келе жатқан Мінсізбай Жайлыбаевтың еңбегі зор.

Бүгінгі күнде бір кездері Республиканың намысын қорғаған спорт шебері Ардақ Жасақованың ізбасарлары өсіп келе жатыр. Оның айғақты көрінісі жуырда ғана белбеу күресінен Түркістан облысының Кентау қаласында 2002-2004 жылы туылған кіші жасөспірімдер мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өткен болатын. Сол дода да Ақтөбе облысының құрама командасы сапында облыстың намысын қорғау үшін облыстық жарыстан іріктеліп шыққан Ақшатау орта мектебінің оқушылары да қатынасып, бақтарын сынады. Екі күнге созылған додада Ақшатау орта мектебінің 9 класс оқушысы Толғанай Мәнсатова жүлделі III орынға ие болып, қола жүлдегер атанды. Бұл ауыл баласы үшін үлкен жетістік. Алайда Толғанайдың арманы асқақ. Алдағы уақытта өлем чемпионаттарында топ жарсам дейді. Ауданымыздың ғана емес облыстың мәртебесін көтерген Толғанайға толағай табыс тілейміз.



Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ– 2019 жылғы 9 маусым	
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ, УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ ЖӘНЕ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ Х А Б А Р Л А М А	
АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ Ойыл ауылы Көкжар көшесі 69 үй «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты, факс, телефон (8-71332) 2-16-10	<i>Комиссия мүшелері</i> Кубашев Амандық Бөгембайұлы Таңатарова Ақтоты Бақыбайқызы
Бисекенов Берік Тұлеуович - комиссия төрағасы Картбаев Серік Сағинович - төрағаның орынбасары Бақтыгереев Болат - комиссия хатшысы	№402 учаскелік сайлау комиссиясы Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-4-93
<i>Комиссия мүшелері</i> Жантекова Мәлдір Үмбетқызы Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы Назаров Алишер Жусипкалиевич Саттибаев Қонақбай Қаримоллаевич	Сатығалиев Қуаныш Айсиевич - комиссия төрағасы Тайбурын Қазі Әлімұлы - төрағаның орынбасары Шармуханов Бекболат Ахметович - комиссия хатшысы
Аудан аумағындағы учаскелік сайлау комиссияларының құрамы №389 учаскелік сайлау комиссиясы Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, аудандық мәдениет үйі ғимараты, телефон: 2-18-99	<i>Комиссия мүшелері</i> Мұхамбетова Жанаргүл Дауқеновна Оңайбаева Гүлжан Амантайқызы
Мусин Жалғас Сабыргалиұлы - комиссия төрағасы Самаликова Жанылсын Шахидоллаевна - төрағаның орынбасары Кулмұханов Жанибек Аманиязович - комиссия хатшысы	№403 учаскелік сайлау комиссиясы Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-5-11
<i>Комиссия мүшелері</i> Айдашев Абат Жаугашарович Изимбетова Айжан Рахметоллаевна	Омарова Мейрамгүл Бактығалиқызы - комиссия төрайымы
№390 учаскелік сайлау комиссиясы Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі ғимараты, телефон: 2-17-30	Муканов Лукман Кадирович - төрайымның орынбасары Мусина Лаззат Киялбаевна - комиссия хатшысы
Меруенов Серік Тілегенович - комиссия төрағасы Альжанов Мурат Шингісович - төрағаның орынбасары Байманова Алия Аманкелдиевна - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшесі</i> Идиятов Асылбек Қуанышбайұлы Ниязов Максат Ермекович
<i>Комиссия мүшелері</i> Досымбаева Мира Бауыржанқызы Мерғалиева Зайда Садуовна	№404 учаскелік сайлау комиссиясы Сарбие ауылы, Әйтеке би көшесі 18, Сапақкөл орта мектебі ғимараты, телефон: 35-2-15
№391 учаскелік сайлау комиссиясы Ойыл ауылы, Қлипанов Отар көшесі 19, «Энерго Система» ЖШС аудандық электр желісі учаскесінің әкімшілік ғимараты, телефон: 2-19-72	Дауленова Гүлбарам Аманжоловна - комиссия төрайымы Мусина Гүлсара Шынтасовна - төрайымның орынбасары Балапашев Жекен Сарсенғалиұлы - комиссия хатшысы
Сейталипа Мейрамгүл Қайырбековна - комиссия төрайымы Рысқалиев Талғат Максатұлы - төрайымның орынбасары Нурманова Диана - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Альжанова Канипа Аксеиловна Кисымбетова Саржан Каримжановна
<i>Комиссия мүшелері</i> Сүйеисінов Исатай Қонашұлы Шотпанова Гаухар Ардақовна	№405 учаскелік сайлау комиссиясы Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, Қаракөл бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-7-16
№392 учаскелік сайлау комиссиясы Ойыл ауылы, Бақаев Бауетдин көшесі 6, «Ветеринариялық зертхана Ойыл филиалы» мемлекеттік мекемесінің ғимараты телефон: 2-18-49	Нуржанов Қумар - комиссия төрағасы Диноплин Аралбай - төрағаның орынбасары Султанов Айсә Еленбаевич - комиссия хатшысы
Сармұханов Серік Кәдіргалиұлы - комиссия төрағасы Каумешова Есенгүл Сағынбаевна - төрағаның орынбасары Ерменова Райхан Есеновна - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Бюрина Ақсулу Хайруллиевна Нугыманова Гүлжазира Демегеновна
<i>Комиссия мүшелері</i> Кожиева Бибигүл Нұрбергеновна Садақбаева Гүлмира Танжарбаевна	№406 учаскелік сайлау комиссиясы Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-6-01
№393 учаскелік сайлау комиссиясы Екпетал ауылы, Қыдырбаев Хайролла көшесі 13, Екпетал негізгі мектебі, ғимараты, телефон: 72-1-47	Исмағұлов Амангелді Сапартлеуович - комиссия төрағасы Досанов Айдар Косалович - төрағаның орынбасары Койшығұлова Шынар Кожановна - комиссия хатшысы
Жумағұлова Гүлнұр Амангелдиевна - комиссия төрайымы Сенғалиев Темірбек Әділбекұлы - төрайымның орынбасары Итибаева Гүлгүл Қуанышбековна - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Имағанбетова Данагүл Бегалиевна
<i>Комиссия мүшелері</i> Мағауияқызы Жұмаш Шарғезова Гүлмира Салимгереевна	№408 учаскелік сайлау комиссиясы Саралжын ауылы, Кеңес көшесі 2, Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі ғимараты, телефон: 74-1-41
№394 учаскелік сайлау комиссиясы Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі 1, Қаракемер негізгі мектебі ғимараты, телефон: 73-2-00	Тулеугалиев Уәлихан - комиссия төрағасы Кожантаева Жанат Абибуллаевна - төрағаның орынбасары Кілашьева Қоныршаш Жұмабаевна - комиссия хатшысы
Ескалиева Бақыт Мұбаракөвна - комиссия төрайымы Исмағұлов Амангелді Базартаевич - төрайымның орынбасары Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Арихов Нурлан Алпамысович Байниязов Жұмат Бүрекешович
<i>Комиссия мүшелері</i> Азан Анар Есімқызы Қозыбақова Ботақеж Тарғынқызы	№409 учаскелік сайлау комиссиясы Шикүдүй ауылы, Мектеп көшесі 16, Теректі негізгі мектебі ғимараты, телефон: 74-1-43
Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, Ақшатау орта мектебі ғимараты, телефон: 73-0-81	Аялбергенов Мереке Ерекешович - комиссия төрағасы Бисоева Айгүл Ескендіровна - төрағаның орынбасары Аренов Нұржан Қамбарұлы - комиссия хатшысы
Карасаев Бекжан Каримович - комиссия төрағасы Айжариков Қоныс Боранбаевич - төрағаның орынбасары Косбаева Базаргүл Амандыковна - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Сапарова Меизгүл Орынбасаровна Сисенғалиев Аманбек Орынбасарович
<i>Комиссия мүшелері</i> Косжанов Сәкен Мауытович Тұлеушьева Гүлжамал Елубаевна	№410 учаскелік сайлау комиссиясы Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Бестамақ ауылдық клубы ғимараты, телефон: 43-4-30
№396 учаскелік сайлау комиссиясы Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі 2, Сөркөл орта мектебі ғимараты, телефон: 73-2-49	Бисенов Балтабай Сырпылбаевич - комиссия төрағасы Аманбаев Айжарық Баданович - төрағаның орынбасары Жиеналина Багдагул Кенжебайқызы - комиссия хатшысы
Жабасов Мақсұт Бакытжанович - комиссия төрағасы Койайдаров Сағындық Темірович - төрағаның орынбасары Ақутенова Шынар Бакытжановна - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Калашева Бижамал Калашевна
<i>Комиссия мүшелері</i> Абишев Бауыржан Шыңғулович Базаров Нұрболат Әлібиұлы	№411 учаскелік сайлау комиссиясы Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-0-82
№397 учаскелік сайлау комиссиясы Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 35, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапханасы ғимараты, телефон: 37-5-35	Абылғазин Қалыбек Майлыкович - комиссия төрағасы Шотқыс Асылбек Ағызұлы - төрағаның орынбасары Сағынова Тұрғангүл Өтегенқызы - комиссия хатшысы
Кауметова Шекер Жолдыбаевна - комиссия төрайымы Аділов Нурлан Байтүркеевич - төрайымның орынбасары Сүлейменова Жандай - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы Мендігалиев Қаратай Қожаденович
<i>Комиссия мүшелері</i> Коразов Нұрсұлтан Дакесович Сүсеисінов Еркебулан Кауымбаевич	№412 учаскелік сайлау комиссиясы Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Қайыңды ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-8-14
№398 учаскелік сайлау комиссиясы Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі 5, Құрманов бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-0-92	Дүйсенғалиев Турлан Түлепбергенович - комиссия төрағасы Жұмағалиев Қобланды Есбаевич - төрағаның орынбасары
Бактығалиев Арыстанбек Наурызбаевич - комиссия төрағасы Қурманова Сания Айбекқызы - төрағаның орынбасары Оспанова Алмагүл Ароновна - комиссия хатшысы	<i>Комиссия мүшелері</i> Казиева Назгүл Тұрғалиевна - комиссия хатшысы
<i>Комиссия мүшелері</i> Молдағұлов Сансызбай Аубакирович Сағидұллина Райгүл Мерекенқызы	<i>Комиссия мүшелері</i> Жақсыбай Ардақ Ермекқызы Мұханбетқалиева Гүлжанат Есенбайқызы
№399 учаскелік сайлау комиссиясы Аманкелді ауылы, Бейбітшілік көшесі 25, Аманкелді орта мектебі ғимараты, телефон: 73-4-90	№413 учаскелік сайлау комиссиясы Көсембай ауылы, Орталық көшесі 6, Көсембай негізгі мектебі ғимараты, телефон: 74-1-42
Сұңдетов Жайлау Жолдығалиевич - комиссия төрағасы Түрікпенов Дулат Қуатбайұлы - төрағаның орынбасары Хитрук Елена Курманғалиевна - комиссия хатшысы	Нұрғалиев Есмұхан Арманович - комиссия төрағасы Батырғалиев Нұрлыбек Енгсененович - төрағаның орынбасары
<i>Комиссия мүшелері</i> Азанов Ұлан Бегенович Артықбаев Дастан Берекетович	Калиева Бұлбұл Сенбаевна - комиссия хатшысы
№400 учаскелік сайлау комиссиясы Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 2, Қарасу негізгі мектебі ғимараты, телефон: 73-4-89	<i>Комиссия мүшелері</i> Имағанбетова Калия Канатбаевна Қойбагарова Жайнагүл Тоғызбайқызы
Наубетов Мурат Саматұлы - комиссия төрағасы Қалиев Жаңабай Қайранбайұлы - төрағаның орынбасары Нұрғалиев Азамат Айжарықұлы - комиссия хатшысы	<i>Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысы Әділет департаментінің, Ойыл аудандық әділет басқармасымен 30.11.2018 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3-11-147 болып енгізілді</i>
<i>Комиссия мүшелері</i> Аманкелді ауылы, Бейбітшілік көшесі 25, Аманкелді орта мектебі ғимараты, телефон: 73-4-90	<i>Ойыл ауданы әкімінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 5 шешіміне қосымша Ойыл ауданы әкімінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы № 3 шешіміне қосымша</i>
Сұңдетов Жайлау Жолдығалиевич - комиссия төрағасы Түрікпенов Дулат Қуатбайұлы - төрағаның орынбасары Хитрук Елена Курманғалиевна - комиссия хатшысы	ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ
<i>Комиссия мүшелері</i> Азанов Ұлан Бегенович Артықбаев Дастан Берекетович	№389 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, аудандық мәдениет үйі ғимараты, телефон: 2-18-99
№401 учаскелік сайлау комиссиясы Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, Құрманов орта мектебі ғимараты, телефон: 74-5-44	Құрманғазин Бейсүлла көшесі - 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53,
Амиров Тилекбай Идеятуллаевич - комиссия төрағасы Аманбаева Бағлаш Тастеміровна - төрағаның орынбасары Бердембаева Ақмарал Сисеновна - комиссия хатшысы	55, 57, 61, 63, 65/1, 65/2; Шернияз Жарылғасұлы көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 37, 39, 38, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64, 65, 66/4, 66/5, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87/1, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105А, 106, 107, 109, 111, 112, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125А, 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133, 135; Көкжар көшесі - 6, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32А, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 44, 45, 48, 53, 54, 55, 57, 59, 64, 65, 67, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 114, 116, 124; Берсиев Шығанақ көшесі - 1, 2, 3, 4, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24/1, 24/2, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 34, 38, 40, 43, 50, 52, 54; №390 сайлау учаскесі, Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі ғимараты, телефон: 2-17-30 Құрманов Исламғали көшесі - 1, 2, 8, 10, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 58/1, 58/2, 59/1, 59/2, 60/1, 60/2, 61/1, 61/2, 62/1, 62/2, 62/3, 63/1, 63/2, 64, 65, 66, 67, 68, 69/1, 69/2, 71, 73, 74, 75, 76, 77/1, 77/2, 78, 79/1, 79/2, 80, 81, 81а, 82, 83, 84/2, 85, 87, 88/1, 88/2, 88/4, 89, 90/1, 90/3, 90/4, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108; Ержанов Қуаныш көшесі - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 29, 31; Аманкелді Иманов көшесі - 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 6/1, 6/2, 7, 8/1, 8/2, 9, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 18, 20, 22, 24, 26, 28; Қойшығұлов Ахметжан көшесі - 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 43, 44, 45/1, 45/2, 46, 47/1, 47/2, 48/1, 48/2, 48/3, 48/4, 50/1, 50/2; Дәуленов Сәлкен көшесі - 1, 3, 6, 7, 9, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24/1, 24/2, 25, 27, 29, 33, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2; Екібаев Амантұрлы көшесі - 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 41, 46, 48, 50, 52; №391 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Қлипанов Отар көшесі 19, «Энерго Система» ЖШС аудандық электр желісі учаскесінің әкімшілік ғимараты, телефон: 2-19-72 Масатов Сауытбай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 39, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 50, 52, 56, 58, 62, 64; Қарақұлов Ишанбай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43/1, 43/2, 46, 53, 54, 56, 57, 58, 60, 62, 66, 68, 70, 72; Онопrienko Николай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22; Дүсіпов Үмбет көшесі - 1, 3, 5, 7, 8, 9, 10, 14, 16, 18; Телебаев Мұса көшесі - 1, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8, 9/1, 9/2, 10, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 17, 18 Қлипанов Отар көшесі - 1/1, 1/2, 2, 4, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 12/3, 12/4, 13/1, 13А, 14, 15, 16, 17, 21; №392 сайлау учаскесі Ойыл ауылы, Бақаев Бауетдин көшесі 6, «Ветеринариялық зертхана Ойыл филиалы» мемлекеттік мекемесінің ғимараты телефон: 2-18-49 Бақаев Бауетдин көшесі - 1, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 9, 10, 11, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 15, 16/1, 16/2, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35/1, 35/2, 37, 39, 41, 43, 45; Сатпаев Қаныш көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 11, 14, 15А, 17, 20, 21, 26, 31, 36; Талапова Нұрсұл көшесі - 1, 2, 3, 6/1, 6/2, 7, 8/1, 8/2, 9, 10/1, 10/2, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 13, 13А, 14, 15, 16, 17, 18, 24; Желтоқсан көшесі - 1, 1А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 13/1, 13/2, 15/1, 15/2, 17, 19/1, 19/2, 21; Еркінов Шүкір көшесі - 1, 2а, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8, 8а, 9, 9а, 9б, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 12, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13а, 14, 15/1, 15/2, 16/2, 16/1, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 26, 27, 29, 31, 35, 37, 42, 45, 51, 57, 59; Алтынсарин Ыбырай көшесі - 1/1, 1/2, 1/3, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2; Медетбаев Дауылбай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7; Құрманғазы Сағырбаев көшесі - 2, 3, 6, 9, 13, 15, 19; Абай Құнанбаев көшесі - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15/1, 15/2, 16а/1, 16а/2, 16б/1, 16б/2, 17/1, 17/2, 18, 19, 20, 21, 23, 25/1, 25/2, 25/3, 25/4, 27, 29, 31; Байғанин Нұрпейіс көшесі - 1, 2, 3, 4, 6, 7, 9/1, 9/2; Молдағұлова Алия көшесі - 1, 2/1, 2/2, 2/3, 3/1, 3/2, 4, 5, 6, 7, 8; Жолмырзаев Байсалбай көшесі - 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 19, 23, 24, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42/1, 42/3, 42/4, 42/5, 42/6, 42/8, 42/9, 42/10, 42/11, 42/12, 42/13, 42/14, 42/15, 42/16, 42/17, 42/18, 42/20, 42/21, 42/22; Тәуелсіздіктің 20 жылдығы көшесі - 9, 15, 17, 19/1, 19/2, 21, 23, 25/1, 26, 27/1, 27/2, 29, 41, 11; Қаңтарбаев Тұрғали көшесі - 1, 11/1, 11/2, 12, 17/1, 18, 21/1, 21/2, 22, 24, 26; №393 сайлау учаскесі, Екпетал ауылы, Қыдырбаев Хайролла көшесі 13, Екпетал негізгі мектебі ғимараты, телефон: 72-1-47 Барқын көшесі – 1, 3, 5, 7, 9, 11; Қыдырбаев Хайролла көшесі - 1, 2/1, 2/2, 3, 4, 5, 6, 7/1, 7, 2, 8/1, 8/2, 9/1, 9/2, 10/1, 10/2, 11, 12/1, 12/2, 13, 14; Жасыл ел көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13, 14, 15, 16, 17/1, 17/2, 19, 21; Орманшы көшесі -1, 2, 3, 4; №394 сайлау учаскесі, Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі 1, Қаракемер негізгі мектебі ғимараты, телефон: 73-2-00 Бейбітшілік көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24; Ардагерлер көшесі - 1/1, 1/2, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 13, 15; Достық көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9/1, 9/2, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16/1, 16/2, 17/1, 17/2, 18, 19, 20, 21, 20/2, 21, 22/1, 22/2, 23/3, 24; Ынтымақтастық көшесі - 2, 4, 6, 8, 10, 13. №395 сайлау учаскесі, Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, Ақшатау орта мектебі ғимараты, телефон: 73-0-81 Жастар көшесі -1, 2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/

«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҚАЛАСЫ, АҚТӨБЕМ-ҚАЗЫНА ДАЛАСЫ»

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҚАЛАСЫ, АҚТӨБЕМ-ҚАЗЫНА ДАЛАСЫ» ЖОБАСЫМЕН АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БІРНЕШЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ СЕЛОСЫНА ЭКСКУРСИЯҒА КЕЛДІ. ЭКСКУРСИЯ БАРЫСЫНДА ЖАСТАР Ш.БЕКМҰХАМБЕТОВА АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ. ЭКСКУРСИЯ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНЕ ЖАЛҒАСТЫ. ЖАСТАРҒА «ҚҰМСАЙ, СЕПЗСАЙ ҚОРЫМЫ» КӨРМЕСІ КӨСЕТІЛІП, ӨРМЕН ҚАРАЙ АУДАНЫМЫЗДЫҢ ТАРИХИ БАЙЛЫҚТАРЫМЕН ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.



Одан өрі экскурсия «Даңқ» саябағында жалғасып, ауданымыздан шыққан батырлар туралы Ш.Берсиев атындағы өнер және өлкетану музейінің қор сақтаушысы Медет Құлмұханов баяндады.

Кейін Ойыл аграрлық колледжі аумағында орналасқан Көкжар Жәрмеңкесі, Ойыл бекінісінде ХІХ ғасырда жұмыс істеген маусымдық сауда-саттық орынындағы тарихи ғимараттармен танысумен қатар, кәсіптік білім беретін оқу орындарының бірі Ойыл аграрлық колледжінің қазіргі заман талабына сай заманауи үлгідегі жабдықталған өкімшілік оқу

ғимараттарымен, жатақхана-лармыен, мәжіліс және президенттік залдарымен, оқу деріс-ханаларымен, зертханаларын аралап, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығына арналған шеберханада слесарлық-іс, техникалық қызмет көрсету, дөңгелек жөндеу, автокөлік жуу, газ-электрмен дөнекерлеу және машина - трактор жөндеу шеберханаларын аралап, «Ветеринария» мамандығына арналған клиника-сын, фармакология, малдәрігерлік хирургия және т.б. орындарын аралаумен қатар, колледждің тыныс тіршілігімен толықтай танысты.

ЖҰМЫР ЖЕРДІҢ ЖҰМБАҒЫ КӨП

Өзіміздің сүйіп оқитын «Ана тілі» газетінің 2018 жылдың 13 желтоқсандағы №51-52 сандарының соңғы беттерінде жарияланған мақалаға ақтөбелік жерлесіміз, филология ғылымының докторы, профессор – Жұма-Назар Асаннң өрбірі білетін, есіресе Ойыл жерінде туып-өскен, сол өлкенің қыры мен сырына қанық біз сияқты жандарға да ой салды.

Енді жазылған мақала жайлы. Ойыл өзенінің оңтүстік шығысынан батысына дейін созылған жатқан кезінде алыстан көз тартатын үлкен қыр бар. Ол менің туып өскен өлкем. Жас кезімде жазық далада алыстан сәйымданып күн көтеріле неше түрге оранып, мұнарланып тұратын биік қырды біздер тау дейтінбіз. Тау десе тауға ұқсас жер еді. Қазірде біз есейдік, жерде апасарады ғой. Қыр немесе тау емес биік қырат болғанға ұқсайды.

Ойыл өңірінде Саңырық деген жер атауы жоқ. Ал мақалада көрсетілген өлкетанушылардың барған лақап атауы «Саңырық» деген биік қыр. Лақап атауы деп отырумының нақты себептері бар. Біздің елдің қаттары бұл жердің шын атауы «Самалқыр» екенін айтатын. Бұл жанды сөзді мен өз өке-шешемнен де, елдің беделді абызы, кезінде жұмысшы-шаруадан шыққан КАЗЦИК-тің мүшесі болып сайланған, елді аузына қаратып, сөзі дуалы марқұм Нұрша Тоқтабаев атамыздың айтап отыратынын талай мәрте естігенмін.

Самалқырдың лақап атқа ие болуы былай шығыпты. Кезінде Таз тайпасының Сарыарқаның Ұлытау жағына ұзатылған қыздарынан туған жиендер елге келіп, нағашы жұртын аралап, емін-еркін қыдырады. Самалқырға да шығып баурайынан саяғыз теріп, қызғалдақ-сарғалдақ жинап мөз болысады. Соған қарамастан олардың бірі Самалқыр дегендерің осы ма? Біздің Ұлытаудың қырлары мен тауларына қарағанда құстың тастап кеткен саңғырығы сияқты десе де болған деп өзілдейді. Жиендердің осы қиянпұрыс сөздері ел арасында күпкілі сөзге айналып, Самалқыр-Саңғырық аталып кете барған екен деп отыратын ауыл ақсақалдары.

Самалқыр атына сай атауға лайықты жер бөліп. Теріскей Ойыл өзені, түстігі Кеңой, Тамдықөл, батысы Қоңырсай, Ақшат аталатын кең жайлау. Жаңы мен күзінде аңшы салқын самалы соғып тұратын, маса, шыбын-шіркейі мүлде болмайтын қолайлы құтты қоныс болатын. Кең жайлауы малшылардың жазы-қысы жайлайтын, мыңдаған мал өсірген жері еді.

Қазірде бұл жерді пайдаланып отырғандар некен-сақ. Бірлі-жарым жеке қонахлық иелері бар. Оған да шүкіршілік. Кең жайлауға шығып, Самалқрды құтты мекенге айналдыратын, мал өсіретін азаматтар баатыр деген ойдаймыз.

Ертеде кім қай жерді мекендемеді? Көшпелі де, тұрғылықты да болған қазақтар деген атымыз бар ғой. Жасым сексенінші сегіріне аяқ басқан, Ойыл топырағында жаралған жаным. Осыншама жасқа келгенім-ше бұл өңірде үш Саңырақ батыр болыпты, атағы жер бетіне жайыл-

ыпты дегенді естіген де, оқыған да емеспін. Ал Байұлы тайпасының Төремурат, Өтен және Нарынбай батырларының аттары осы кезге дейін халық аузынан түспей келе жатқаны рас. Ал жоғарыда аттары аталған оқымыстылардың айтқандары қай саңырық?

Өркімнің жазғандарынан мәлімет ала салып, ө сондай болған екен деп баспасөзді толтыра салудың жөні жоқ сияқты деп білемін.

Қай елде де қазақ батырлары болғаны рас. Бірақ оларды зерттемей, нақтылылығына көз жеткізіп, бұлтарттырмайтындай дәлелдер келтірмей халық санасына құя салу, оңай іс емес дегім келеді.

Мақалада Кіші жүздің Абдал Тайпасының Олжабай бөлімінен шыққан «Саңырақ» деген кім дегенге келсек, ол осы бөлімнен шыққан жай шаруа адамын аты. Ұрпақтары осы елде тұрады. Кезінде колхоздың малын баққан шаруа, марқұм Медет ақсақал баласы Серікке бір атамсы Самалқыр үстіндегі Пұсырман өулие бейітінде жерленгенін білемін. Басында қарайта алмадым. Есінде болсын. Қолыңнан келсе бейітіне белгі қойдырсаң деген сөзін кейінгі шөбересі ескеріп, жер болып кеткен атасының жатқан жері осы болар-ау – деп қоршау емес, тор орнатқан. Оны бір кездескенімізде Серік іліміздің өзі «Әкемің айтып кеткен аманатын орындадым – аға деген-ді. Мен бабаларымыздың «Өлі жебемей, тірі байымайды» деген даналығы бар. Қабыл болсын, - деп Құбылаға қарап тұрып бетімді сипап, ишарат білдіргенмін.

Атыраулық Аманғали Әміржанұлы – белгілі шекіресі. Ата-бабаларынан естіген-білгенін зердесіне құя білген адам. Ойыл өңірін де жақсы біледі. Өзінің төрт томдық еңбегінде Таз тайпасы батырларын жатқызып, өзгізгенде «Саңырық» атауының кездеспейу орынды. Себебі бұндай аттас адам (батыр) бұл өңірден шықпаған. Ол батыр да емес, өулие де емес. А.Әміржанұлы нақты істің адамы. Дудамал ой туғызатын, нақты дерексіз істерге қалам тартпайды. Оның жазған төрт томдық шешірлер жинағын батыс өңірінің бес облысына түгел тарады. Халықтан қызу қолдау тапты, алғысын білдірді. Себебі шынайы шындықпен өрнектелген – деректер.

Ал енді Самалқырдың ең биігінен көз тастасаң, жан-жағы алақан-дағдайды көрінетін жердегі қорымда Пұсырман өулиенің бейіті бар екені ақиқат шындық. Өруағына мың тағзым. Ол өулие Самалқырдың (Саңғырықтың) биігіне өте ерте кезде жерленген. Жергілікті қарт тұрғандар өулие атамыз жейлі «Пұсырман өулие» дегенмен басқа, ата-тегі жөнінде көп айтпайтын. Жанымнан еш нәрсе қос алмаймын. Пұсырман өулие балалар мен жасөспірімдердің көптеген ауруын қайырған. Әсіресе ұсақ малдың: қойдың-топалдан, ешкінің-шекшегің бейіттің маңына жайып барып, мал иесі дұға қайырса отары сол індеттен ештеңе болмағандай сауығып кетеді екен. Өткен ғасырдың елуніш жылдарында біздің елде балалардың безгек, қызылша ауруына ұшырауы көп

ҰРПАҚТАРДЫ САБАҚТАСТЫРҒАН СЕНБІЛІК



Өткен сенбі күні Ойылда «Тазалық айлығы» аясында былтыр ғана демеушілердің күшімен жасақталған «Жаңа құрылыс» жақтағы «Отбасылық саябаққа» тал егілді. Тал еуге орталықтағы мектептердің жас мұғалімдері мен еңбек ардагерлерінің

шақырылуы ұрпақтар сабақтастығының куәсі.

Аудан өкімі Дастан Сағыров та осы акцияға атсалысты. Еңбек ардагерлері жас мұғалімдермен бірігіп жаңа саябаққа жетпіс түп терек отырғызды.

«КӨШЕТ» АКЦИЯСЫ

Қазақстан республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» № 344-І Заңының 12-бабына сәйкес мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің бірі себу мен отырғызылатын материалдары болып табылады, сондықтан 2019 жылдың 10 сәуірінен бастап **«КӨШЕТ»** үш айлық акциясы жүріп жатыр. Осыған байланысты, жыл сайын маусымдық кезеңнің басталуымен сауда-саттық орындарында тұқымдық (себу) және отырғызу материалдарының сырттан әкелініп сатылуына байланысты өсімдік ауруларының тасымалданып - таралуын болдырмау мақсатында, сатылатын материалдарды куәландыратын құжаттары (**фитосанитарлық, карантиндік сертификаттары**) болуы қажет, ал жергілікті материалдары үшін құзырлы мекеменің инспекторымен жете тексеріліп, тексеру актісі беріледі (ол үшін белгілі мөлшерде тұқымдық материалдар үлгісі алынады).

Себу материалдарының жоғарыда аталған құжаттары болмаған жағдайда заңды немесе жеке тұлға ҚР заңдарына сәйкес өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Анықтама беру мекемесінің мекен жайы: Ойыл ауданы, Бақаев көшесі №8. Байланыс тел 2-18-21 Эл.мекен жайы abdullin.b@minagri.gov.kz

ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекция басшысы Б.Т.Абдуллиннің жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі: әр аптаның 4-ші бейсенбі күні, сағат; 14.00 – 18.00.

Б.ТОЛЕПОВА,
Өсімдіктер қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

ДЕНИ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Өрбір адам өз денсаулығының мықты болу жылдарын қарастыруы керек. Дени сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кірседі.

Адам барында бағалай білмейтін екі құндылық бар екен. Оның бірі уақыт болса, екіншісі – денсаулық. Шыны керек, көбіміз днсаулықтың қадірін біле бермейміз. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» демекші, денсаулықтың барында бағалай білмеген адамдар басына дерт салмақ салғанда ғана денсаулықтың, өмірдің құнын ұғынады. Қарттарымыздың әрдайым өзіңді күтіп жүру туралы ескіртіп отыруы да олар өткерген өмір тәжірибесінен, келмеске кетіп бара жатқан денсаулықтың баға жетпес құнын білгендіктен, ал жастардың жастықтың отымен жүріп ыстық-суықты елемей, артынан дерт жабыстыратыны да біздің денсаулықтың қадірін барынша ұғына алмағандығымыздан деп білемін. Халқымыз «Дени саудың – жаны сау» деп орынды айтқан.

Міне, осы қағиданы бетке ұстаған біздің мектеп ұжымы сабақтан бір бос сәтте «Денсаулық акциясы» аясында мектебіміздің шағын спорт залында бас қосты. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі А.Ғабдуллин мен А.Бірызаны ұйымдастыруымен, мектеп өкімшілігінің қолдауымен сенбі күні өткен спорттық шараның тақырыбы «Спорт – денсаулық кепілі» болды. Пән бірлестіктері бойынша құрылған төрт команда

БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БЕСІГІ

Қай кезеңде болмасын балабақша мәселесі, баланы балабақшаға орналастыру жайы өзектілігін жойған емес. Ресми статистикаға сүйенсек, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін 7 жасқа дейінгі балалардың шамамен 70%-ы балабақшамен қамтылса, егемендіктің алғашқы жылдары нарыққа бет алған тұста, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кетіп, балабақша да қараусыз қалды.

1991 жылы елімізде 8743 балабақша болса, оның жартысынан астамы (4868) «оңтайландыру» кезеңінде жекешелендірілген, бір бөлігі бос қалған, қираған. Тұтастай алғанда, 2000 жылға дейін республикадағы балабақша саны 1144-ке дейін азайды.

Тәуелсіздік жылдарында етек-жеңімізді жиып, ес жия бастағанда білім саласына да көңіл бөлуді қолға алдық. Балабақша саны артып, мектепке дейінгі білім беру жүйесі жандана бастады. Бұған демографиялық ахуал да өз есерін тигізді.

Мәселен, 1990-1999 жылдары туу көрсеткіші күрт төмендесе, 2000-2013 жылдары бала туу көрсеткіші орта есеппен 13 мың адамға арты. 2007-2009 жылдары 2557 мектепке дейінгі ұйым ашылса, оның 612-сі – балабақша. Ал 2009 жылы 4972 мектепке дейінгі ұйым жұмысын бастап, оның ішінде 2003 балабақша бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту мектепке дейінгі балалар санының 38,7%-ын құраған. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін өзгерткен «Бизнестің қол картасы – 2020», Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен

қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы аясында мектепке дейінгі білім беру мекемелері өмірге келді.

Бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық атты атау иеленген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жұмысы күн өткен сайын жанданып келеді. Алматы қаласында бүгінгі күні 800-ге жуық мектепке дейінгі білім беру орны жұмыс істейді. Оның 300-ден астамы мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы бойынша қызмет көрсетеді. Статистикаға сүйенсек, 2014 жылы – 8900, 2015 жылы – 8870, 2016 жылы – 9230, 2017 жылы – 9560 бүлдіршін балабақшаға қабылданған. Соған қарамастан, күн өткен сайын балабақшаға деген сұраныс үдей түсуде.

Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында өмірмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыш теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйретсе білу керек» депті.

Ендеше, ұрпақ бағбанына айналып отырған балабақша тәрбиешілеріне де көңіл бөлінсе деген тілек бар.

Бағдагүл Балаубаева,
«Ана тілі».

Алғыс

Мен көп жылдар бойы Көптоғай ауылдық округіндегі Жақсыбайкөл негізгі мектебінде еден жуушы болып еңбек еттім. Еңбек еткен жылдарда дәл осындай құрмет пен марапат ие боламын деп ойлаған жоқпын. Келесі жылы зейнеткерлікке шығамын. Осыдан бір айдан астам бұрын «Алғыс айту» күнінде «Алтын алқа» иегері ретінде аудандан шақырту алып, аудан өкімі қолынан марапат алғанда қатты қуандым. Осындай игі шараға ұйытқы болып, емдеу-сауықтыру шипажайына тегін жолдамға берген Ойыл аудандық кәсіподақ ұйымына аналық алғысымды білдіремін.

Бибігүл ҚАПАШЕВА,
Көп балалы ана.



ұжымдық көңілді ойындардан өзара сыңға түсіп, қалған мұғалімдер жанқүйер болып, жарыс көрігі қыза түсті. Әсіресе, арқан тартыс, қол күресі, асық ату ойындары халқымыздың ежелден келе жатқан мол мұрасын насихаттаудың бір үлгісі болса, эстафеталық сайыста логикалық есептерді шешу арқылы алға шығу ұстаздардан жылдам өрі дұрыс ойлауды талап еткені даусыз. Ұйымдастырушылардың бұрын көпшілікке көп таныс емес қызықты «Мас-рестлинг» ойынын енгізгені ерекше болды. Нәтижесінде бастауыш пән бірлестігінің «Жігер» командасы мен жаратылыстану бірлестігінің «Денсаулық» командалары

мөреге қарайлас жетсе, эстетикалық «Егемен» мен гуманитарлық «Спорт» топтары да ұйымшылдық пен шапшаңдықтың үлгісін көрсете білді. Жарыс қорытындыланып, сыйлықтар табысталды. Бұл шара ұстаздар үшін бір серпілу, ауызбіршілікті көрсете білу болды. Біздің ұжымның осындай спорттық көпшілік шараға ынтымақтаса ұйымшылдықпен қатысқаны, салауатты өмір салтын насихаттап, дени сау, мықты азамат тәрбиелеуге қосқан үлесі деп білемін.

Ерсайын АҚҚОШҚАРОВ,
Кесембай негізгі мектебінің мұғалімі.

НИКОТИН —

адам заттың қас дұшпаны!

Темекі - заңды түрде қолдануға болатын есірткі түрі. Темекі жапырағында танин, желім, шайыр, крахмал және алколоидер бар өсімдік. Темекі түтінінде 30-астам улы заттар бар: Никотин, Көмір қышқыл газы, Көміртек тотығы, Көгеретін қышқыл, Аммиак, Шайырлы заттар, Органикалық қышқылдар және басқалары. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды едәттерден бас тарту қажет. Зиянды едәттерге темекі, алкоголь (шімдік), есірткі және уытты заттар жатады. Бұл заттарды ұзақ уақыт, ал кейде тіпті аз ғана уақыт пайдаланғанда организмде психикалық және төндік тәуелділік дамиды.

Зиянды заттарға әуестенудің барлық түрі ақырында ауыр науқасқа шалдықтырады. Бұл аурулар ұзақ, өрі арнайы емдеуді қажет етеді. Адам зиянды заттарды пайдаланудан сақтану үшін олардың кейінгі зардаптарын білу керек. Темекі (Nicotiana) — алқа тұқымдасына жататын, құрамында есірткі бар бір жетек көп жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанда оның 3 түрі: көдімгі темекі, мәдени темекі, махорка өсіріледі. Темекіні тұтыну созылмалы аурулар қатарының, соның ішінде обыр, өкпе ауруы және жүрек-қан тамыр ауруларының қатарын тудыратын негізгі қауіп-қатер факторларының бірі.

Сондай-ақ тыныс алу мен жүрек белсенділігінің тоқтауының сал-

дарынан өлімге ұшырататын бірнеше жаппай улану оқиғалары орын алады.

Шылымдық қоспалары неге қауіпті?

· Үнемі түтінмен демалғаннан дауыстың қарлығып, жөтел пайда болады, ауыз қуысының, көмей мен қолқаңның обырын тудыруы мүмкін;

· Темекі түтінінің өсері көздің жасын ағызады, ол бірнеше сағатқа созылуы мүмкін;

· Шылымдық қоспалардың улы өсері жүректі айнытуы, қустыруы, артериялық қысымды жоғалтуы, жүрек қағысын жиілетуі, құрысу мен ас қалыту және тағы басқа жағдайлар туғызуы мүмкін;

· Түтін орталық нерв жүйесіне өсер етеді, оның салдарынан масайрау, себелсіз жылау, тоқтаусыз құлу, күйзеліске түскеннен елес күлу, бағытты бағдарлау мүмкіндігі жоғалады;

· Шылымдық қоспаларды тұтыну психологиялық аурушандылыққа, мүгедектікке алып келеді.

Темекінің басты зияндылықтарын айтар болсақ, төмендегідей тізім пайда болады:

1. Ерін тіл және өңеш қатерлі ісігіне қол ашады.

2. Ас қорытуды қиындатады, тәбетті қайтарады.

3. Асқазанда жара пайда болуына көп өсері бар.

4. Өкпе мен көмекей қатерлі ісігіне ұшыратады.

5. Қол-аяқ тамырлары бірте-бірте

бітеледі. (Гангренаға айналып, қол, аяқ кесілуіге дейін барады).

6. Миды қамтитын тамырларда да қатаю пайда болып, клеткалары өледі және ол орнына қайтып келмейді.

7. Жүрек ауруларына (инфарк) шалдығады.

8. Тез қартайды, теріде өжім пайда бола бастайды.

9. Бел өлсіздігінің ең басты себебіне айналады.

10. Темекі өрттің шығуына да ықпал етеді. Соның кесірінен үй, орман өртеніп, адам өліміне де душар етуі мүмкін.

11. Темекі екіқабат әйелдерге зиян береді. Сырқат сөбідің дүниеге келуіне негіз болады. Тіпті, баланың өлі тууына да себеп болуы ықтимал. Түсік тастауға да алып келуі гажап емес.

12. Бала емізетін әйелдерде никотин емшек сүтіне араласып, осы арқылы сөбі уланатын, туберкулез, өкпе, мазасыздану т.б. сырқаттарға ұшырайды.

Шылымдық қоспалар тез еліктіреді. Алғаш рет тұтынғаннан кейін психикалық, одан кейін физикалық тәуелділік пайда болады.

Шылым шекпеңіз, денсаулығың-ызды сақтаңыз! Шылымқорлықтан бас тарту өркімнің өз қолында!

А.УМБЕТОВА,
Салауатты өмір салтын қалыптастыру мейірбикесі.